Писковец И.В

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылдын 15 қазан Іс №5501-24-00-2/3105 Павлодар қаласы

Павлодар облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты төрағалық етуші судья А.А. Күлбаева оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібінде азаматтық істі қарап,

ТАЛАПКЕР:
Павлодар облысының білім беру басқармасы, Павлодар қаласы білім беру бөлімінің «Павлодар қаласының №40 жалпы орта білім беру мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Смагулова» жеке кәсіпкердің атынан Асемгуль Шамановна Смагулова

ТАЛАПКЕРДІҢ ТАЛАБЫ:
Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану;

ҚАРАР БӨЛІГІ:

ҚР АПК-нің 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып сот,

ШЕШТІ:

Павлодар облысының білім беру басқармасы, Павлодар қаласы білім беру бөлімінің «Павлодар қаласының №40 жалпы орта білім беру мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің, жауапкер «Смагулова» жеке кәсіпкердің атынан Асемгуль Шамановна Смагуловаға мемлекеттік сатып алулардың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап арызы - қанағаттандырылсын.

«Смагулова» жеке кәсіпкердің атынан Асемгуль Шамановна Смагулова мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«Смагулова» жеке кәсіпкердің атынан Асемгуль Шамановна Смагуловадан мемлекеттің пайдасына 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге көлеміндегі мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес

жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және шешімнің мазмұнына әсер ете алатын пікірді, сондай-ақ дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге түпкілікті формада шығарылған күнінен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар оларға шешімнің көшірмелерін жіберген күннен бастап бір ай ішінде Павлодар облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Павлодар облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, апелляциялық наразылық білдіре алады.

Судья **А.А. Күлбаева**

Көшірмесі дұрыс
Судья А.А. Күлбаева

Анықтама: шешім заңды күшіне енген 25.11.2024 ж.

Судья А.А. Күлбаева

Құжатқа қол қойылған: Кульбаева А. А., 15.10.2024

Создан: 18:41:19 21.11.2024 в сервисе УГД г. Усть-Каменогорск А.Т. 26.11.2024